

Павлодар облысы Шарбақты ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы

Павлодар облыстық мәслихатының 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 92/9 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 11 қаңтарда N 2857 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңы 11 бабының 3) тармақшасына, Павлодар облысы Шарбақты ауданы мәслихаты мен әкімдігінің 2004 жылғы 13 мамырдағы (III сайланған V сессиясы) "Доменка, Богодуховка, Второе отделение селолары елді мекендерін тарату туралы" N 26//5 бірлескен шешіміне, облыс әкімдігінің 2004 жылғы 17 қарашадағы "Шарбақты ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы" N 272/9 қаулысына сәйкес облыстық Мәслихат пен облыс әкімдігі ШЕШІМ ЕТЕДІ:

Павлодар облысы Шарбақты ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

Соснов селолық округінің Доменка селосы, Хмельницк селолық округінің Второе отделение селосы, Красилов селолық округінің Богодуховка селосы елді мекен мәртебесінен айырылуына байланысты таратылсын және кейіннен есептік деректерден шығарылсын;

Доменка селосы Соснов селолық округінің Софиевка селосының құрамына; Богодуховка селосы Красилов селолық округінің Красилов селосының құрамына; Второе отделение селосы Хмельницк селолық округінің Хмельницк селосының құрамына енгізілсін.

Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық Мәслихаттың азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін қорғау және ақпараттық саясат жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Сессия төрағасы А. Гуськов

Облыс әкімі Қ. Нұрпейісов

Облыстық Мәслихаттың хатшысы Р. Гафуров